

ДИПЛОМАТИЯ: КОММУНИКАЦИЯ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘРТІП НЕГІЗДЕРІ

Дипломатиялық тәсілдеме





XX ғасырдың басында Германия Британияға бірнеше тәсілдер жасады. Германия Ұлыбританияның міндеттемелерін орындауға келіседі, бірақ оның талаптары Германияның басқа мемлекеттермен одақтастық құрмауына кепілдіктер алу болды. Балқан соғысы алдында Германия өзінің одақтасы Австрияны басуды талаптанды, Германияның сыртқы істер министрі Кидерлен-Вахтер канцлер Бетман Холвегке былай деп тапсырыс жасады: «Біз Австрияны оның Шығыстағы жоспарын қолдауына міндетті емеспіз!». 1910 жылдың өзінде-ақ Германия Ресейге Австро-Венгрияның Балқандағы жоспарын қолдамаймыз деп хабарлаған. 1912 жылы державалар Адриатикалық порт бойынша бірқатар сұрақтарды көтерді. Қарашаның басында неміс императоры өзінің министрлеріне «Албания және Дурессо үшін Париж бен Ресейге қарсы шықпаймын». 1912 ж. неміс дипломатиясының іс-әрекеттері көрсетіледі. Кестеде 1912 жылғы неміс дипломатиясының іс-әрекеттері мен сипаттамасы көрсетілген.

уақыт	сипаттама	Іс-қимыл
Ақпаннан наурызға дейін	Дипломатиялық тәсілдеме	Германия британдық талаптарды қанағаттандыруға, оның ішінде әскери-теңіз күштерін құру бағдарламасына қатысты, әрқайсысының «бір-біріне қарсы бағытталған жоспарларға, комбинацияларға немесе әскери асқынуларға қатыспауға» келісім жасағаны үшін қанағаттандыруға дайын екенін білдірді.
қазан	ұсыныс	Германия Түркия мен Балқан мемлекеттері арасындағы қақтығыс кезінде «бейтарапты сақтауды» ұсынады. Басқа да өкілеттіктермен бірге бірлескен идеялар мен іс-әрекеттер талқыланды.
қараша	Қолдаудан бас тарту/қолдау	Неміс Кайзердің айтуынша, Германия Сербия порты себебінен Ресей мен Сербиямен қақтығыс кезінде Австрияны қолдайды; Неміс министрлері Германияның Австриялық агрессивты Балқан саясатын қолдамайтынын білдірді.
2 желтоқсан	қолдау	Германия жариялайды, «біздің одақтасуымыздың жағына өтеміз».

Германия «Біз одақтасуымыздың жағына өтеміз» деп жариялайды.

Австрия Берлинге австриялық тақтың мұрагері Франц Фердинандты және Австрия армиясының басшысы Бласия Шемуаны жібереді. Олар Кидерлен (Нордиетче Альмейне Зейтунг) газетінде мақала жариялағандығы туралы біліп қойды. Газетте неміс тарапы қолдаудың әлдеқайда төмен деңгейін білдіргені және дағдарыстың көпжақты шешімін тиімді түрде қолдайтыны көрсетілген. Австрияның жақын арада Сербияға ультиматум шығаратыны ақиқат емес деп мәлімдеді. Албандық және адриатикалық мәселелер «басқа Балқан мәселелелерімен қоса шешілетін болады». Киддерлен «державалар өздерінің ұстанымдарын алдын ала шешпеді талап етеді». Ол мақалада Кидерлен Австрияға ғана сүйенбей, дағдарысты жан-жақты тәсілдермен шешу туралы пікір айтқан. Холвег бұл жағдайда Австрияны қолдағанын білдіріп, егер Австро-Венгрия үшінші тараппен басып алынатын жағдай туса, онда біз одақтасуымызды қолдауға тура келер еді дейді.

Гипотеза 6.1. бойынша Британияға қатысты неміс тәсілдемесіне сенуге болады дегенді білдіреді. Сонымен қатар, бақылаушылардың қорытындысы Германияның үшінші тарапқа шабуыл жасауға ниетті екенін білдірді (гипотеза 6.2.) және Англия мен үшінші мемлекет



қатынастардың шиеленісуін қалағанын білдірді (гипотеза 6.3.). 3 және 5-ші тараулардағы гипотезалар, Германияның Австрияны толық қолдамауы австриялық мемлекеттік қызметкерлерді Австрияны қолдауы туралы сұрауға мәжбүр етеді деп болжайды. Германияның Австрияны қолдағандығы Австрияның батыл қадамдарына алғышарт болып соғысқа итермелегендігін білдіреді (гипотеза 5.2.).

Ресей мен Германияның дипломатиялық тәсілдемелері және Сигналдық гипотезаларды бағалау. Балқан одағының құрылуы Ресейдің дипломатиялық тәсілдемесінің нәтижесі екені анықталды. Ресейдің тәсілдемелері ерте кезбен салыстырғанда екінші жақтың талаптарына келісетіндігі анықталды (гипотеза 6.1.). Ресейдің әрекеттері Австрияға қарсы болғандығы анықталды және Австрия мен Балқан мемлекеттерімен қарама-қайшылықтарды туғызуды анықтады (гипотеза 6.3.). 5 күннен кейін Сербия мен Болгария келісімге қол қойған соң, британдықтар Ресейдің Австриямен жұмыс жасамайтындығына көз жеткізген. Ал Ресей Балқан лигасын Австрия-Венгрияға қарсы одақ ретінде санаған. Британдықтар Германияның келісімшартқа қызығушылығы Британия мен Франция арасындағы Антантаны әлсірету есебінен туындағаны анықталды.

Ресей мен неміс талаптарының дәлдігі

Ресей мен неміс талаптары компромистік тұрғыдан жасалды, алайда ол державалардың қарым-қатынастарына кері жағдай әкелуіне ықтимал болды. Осылайша 3–5 бөлімдегі талқылаулар бойынша жеке хабарламалар ақпаратты береді деген тұжырым анықталды. Талдауға сүйенсек, Сербияның Австрияға қарсы шығуы оны басқа мемлекет қолдағаны көрінеді. Ресей Сербияны қолдаудан бас тартқан кезде соғыс дереу тоқтатылып, Сербия әскері кері шегінді. Осылайша соғыс аяқталып шиеленіс кейінен аяқталды. 3–5 бөлімдегі модельдерге жүгінсек, Ресей Сербияны дипломатиялық және әскери жағынан қолдауға дайын екенін көре аламыз. Британ елшісі Сербия соғысты ашатын болса Ресей әскері міндетті түрде соғысқа тартылуы мүмкін деді. Осымен Ресейдің қолдаулары Сербияны қанағаттандырып, оған серпін беру есесінен соғыс өршіп кетуі ықтимал болды. Осы контексте бақылаушылар Ресейдің батылдығын анықтап, 4-бөлімдегі талқылаулар бойынша талаптар ұзақ мерзімді қатынастарға әсер ететін ақпарат бере алатындығы расталады. Мысалы, Австрияның сыртқы істер министрі Сербияның адриатикалық порт бойынша талаптары монархиямен достық қарым-қатынаста болмауын анықтайды. Кайзер Германия Австрияны қолдауда үш державаның қарым-қатынасының шиеленісуіне әкеледі деп анықтады. Осылайша ағылшындар Ресей мен немістердің сыртқы саясатынан көптеген қортындылар жасаған. Олар қоғамдық көңіл күйлерінен де ақпарат алып отырған, демек құжаттамалық есеп көп ақпарат бермейді, керісінше қоғамның көңіл күйлерінен ақпаратты алуға болады. Ендігі кезекте Дүниежүзілік соғыс пен Балқан соғысының салдарымен танысып, ондағы сигналдарды талқылайтын боламыз.

Бірінші дүниежүзілік соғыстың шығу себептері және оның сипаты

Империалистік дәуірде жеке елдердің біркелкі дамымауының нәтижесінде бірінші дүниежүзілік соғыс болды. XX ғасырдың басында халықаралық жағдай күрт шиеленісіп, ірі мемлекеттер арасындағы бақталастық күрес күшейді. Англия дүниежүзілік шеберхана атанған дәрежесінен өнеркәсібі дамудағы бірінші орнынан айрылды. Елдің басын біріктіру арқасында және Француз–прусс соғысының нәтижесінде бес миллиард марк контрибуция алған Германия өз экономикасын жедел дамыту мүмкіндігіне жетіп, өнеркәсіп өнімдерін шығаруда Англияны үшінші орынға ығыстырып, дүниежүзінде АҚШ-тан кейінгі екінші орынға шықты. 1912 жылы мысалы, Германияда 17,6 миллион тонна шойын қорытылса, Англияда 9 миллион тонна ғана болды. Экономикалық қуатының шапшаң өсуін пайдаланған жас герман империалистері жаңа нарықтық аймақтарды алуға, отарланған жерлерді қайта бөлісуге, еуропалық континентте билік жүргізуге тырысты.



Германияның күшеюі Еуропадағы басқа ірі мемлекеттерді әбіржітті. Әсіресе отарлап алған жері жеткілікті әрі өнеркәсібі ерте дамыған, байырғы империалистік елдерді – Франция мен Ресейді қатты алаңдатты. Оның үстіне Герман–австриялық одақ шартына қол қойылды, оған Италияның қосылуы жас герман империалистерінің Еуропадағы салмағын күшейтті. Осы құрылған үштік одаққа жауап ретінде орыс-француз одағы пайда болды. Бұл еуропалық мемлекеттерді екі антогонистік топқа бөліп, екі жақты шешуші шайқасқа дайындыққа кірісті. Алайда британиялық басқарушы топтар осы екі тогипстік одаққа деген қарым-қатынасын бірден айқын ұстаған жоқ. Өйткені, ағылшын империалистерінің француз және ресейлік империалистеріне қарағанда қарама-қайшылықтары күрделі еді. Тіпті Англия алғашқы империалистерінің Еуропадағы ықпалы, яғни өзінің орыс және француз бақталастарын әлсіз деп есептеді. Ресейді әлсірету мақсатымен британиялық басшылар 1902 жылы ағылшын-жапон одақ шартын жасады. Жапония мұны өзінің Ресейге қарсы соғысында шебер пайдаланды. Дегенмен германдық сауданың өсуі, оның жаңа нарықтарды иемденіп, одан ағылшын бұйымдарын ығыстыра бастауы Англия мен Германия арасындағы қатынасты қиындата түсті.

Германияның қуатты әскери-теңіз флот құру үшін бағдарлама жасауы Англияның сыртқы саясатына күрт өзгерістер енгізді. 1904 жылы бұл елде Франциямен жақындасу үшін ірі қадамдар жасалды. Бұл Англия мен Ресей арасындағы қарым-қатынастардың жақсаруына алғы шарт жасады. Патша өкіметі Антантаға тәуелді еді. 1908 жылы оның шет елдерге борышы 8 миллиард сомға тең болды. Оның үстіне Ресей Англия мен Францияның көмегі арқасында бұғаздарды пайдалануға үміт етті. Ал Антанта Германиямен үлкен соғыс бола қалған жағдайда Ресейдің ірі – әскери күшін пайдаланбақ еді. Бірақ ағылшын-орыс қатынастарын жақсарту ісі қиындыққа түсті. Ең алдымен олар өздерінің Иран, Ауғанстан, Тибеттегі бақталасты істерін реттеді. Ақырында орыс-француз одағы мен ағылшын-француз Антантасы бірігіп, үштік келісімге айналды.

Бір-біріне қарама-қарсы Үштік Одақ пен Үштік келісімнің құрылуы басты империалистік мемлекеттер арасындағы күресті одан әрі үдетті. Алайда, одақ құрамына кірген мемлекеттер арасындағы өзара қайшылықтар жойылған жоқ. Мәселен, Италия мен Австрия-Венгрия монополистерінің өзара қақтығыстарының өршуі нәтижесінде Италия өзі кірген Үштік Одақтан 1909 жылдан бастап іргесін аулақ сала бастады. Ал, Австрия-Венгрия ақырында Герман империалистерінің жандайшабына айналды. Үштік келісімдегі жағдай да осындай еді. Өзара қырқыс тоқталмағанымен, күш алып келе жатқан жас герман империализмі алдында біршама жұптарын сақтай білді. Мысалы, Мароккодағы империалистік билік үшін таластың арты 1911 жылы герман-француз соғысына айналу қаупі туған кезде Англия батыл түрде Францияны қолдады. Германия шегінуге мәжбүр болды, оның солтүстік Африкада отарларға ие болу ойы іске асқан жоқ. Антанта Үштік Одаққа жік салу арқылы әлсіретуге тырысты. Оған 1911 жылғы Түрік-Италия соғысын пайдаланды, Антанта Италияны қолдады. Ал Германия Түркияға көмек көрсете алмады. Себебі Австрия-Венгрия, Италия және Германия одақтастар еді. Соғыстың нәтижесінде Италия Ливияны билеу құқына ие болды.

1912 жылы 13 наурызда Сербия мен Болгария әскери одақ құру туралы келісімге қол қойды. Сол жылдың 12 мамырында елдердің басқа салаларда ынтымақтасуға мүмкіндік беретін қосымша келісімдерге қол қойылды. 29 мамырда Грекия, Осман империясының есебінен жаңа жерлерден құр қалам деп, Болгар-Сербия қарым-қатынас жүйесіне қосылды. Жазда Черногория Болгариямен бірлестік туралы шарт жасасты, содан кейін Балқан одағының қалыптасуы аяқталды. Екі империалистік блоктардың арасындағы күрес 1912–1913 жылдары Балқан соғыстарында жалғасып ақырында бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуын тездетті. Бірінші Балқан соғысы (9.10.1912–30.5.1913) Балқан одағы мен Түркия арасында болды. Балқан одағының құрамына Болгария, Сербия, Грекия және Черногория кірді. Оның құрылуына Ресей мен Антанта белсене қатысты. Осы Одақ арқылы олар Германияның Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Еуропадағы ықпалын әлсіретуге тырысты. Алайда бұл бағытта Англия екіұшты саясат жүргізді. Ол бұл ауданда Германияны әлсіреткісі келгенімен, Ресейдің ықпалының өсуін қаламады да, Түркиядан біржола қол үзгісі келмеді және Ресейдің бұғаздарды пайдалану ниетіне онша қолдау жасамады. Ірі мемлекеттерден қолдау таппаған Түркия жеңілді. Лондон бітімі бойынша Түркия Ыстамбұл мен Шығыс Франциядағы шағын жерден басқа барлық еуропалық аймағынан айырылды. Германия тағы да батылсыздық көрсетті. Соғыстан Балқан



одағы нығайып шықты. Болгарияның шоқтығы биіктеді. Балқан түбегінде Антанта бағыты күшейді. Әйтсе де Балқан одағының мемлекеттері өз жеңістерінің нәтижелерін бөлісе алмады. Оны Герман-Австрия топтары пайдаланып, болгар-серб одағын құлатудың бар амалын істеді. Олар Болгарияны қолдады. Ал Сербия мея Грекия оған қарсы жасырын келісімге келді. Нәтижесі Екінші Балқан соғысына әкеп соқты (29.6—10.8.1913). Онда Грекия, Сербия және Черногория Болгарияға қарсы соғысты. Оларға Румыния мен Түркия қосылды. Соғыс Болгарияның жеңілуімен аяқталды.

Бухарест бітімі бойынша Болгария Румынияға Оңтүстік Македония және Батыс Фракеяның бір бөлігін, Сербияға Солтүстік Македонияны тұтас дерлік берді. Балқан соғыстары халыққа қайғы-қасірет әкелді. Онда Черногория – 11,9 мың, Грекия – 68 мың, Сербия – 71 мың, Болгария – 156 мың, Түркия – 156 мың адамынан айырылды. Бұл соғыстың қорытындысында Герман дипломатиясы жетістіктерге жетті. Балқан Одағы жойылды. Болгария Антанта ықпалынан кетті. Оның есесіне Румыния Австрия ықпалынан кетіп, Ресеймен жақындасты. Сөйтіп, Балқан түбегіндегі бірінші топ – Сербия, Черногория, Грекия және Румыния Антантадан қолдау тапты, екінші топ Болгария мен Түркия Германиямен бірікті.

Төніп келе жатқан соғысты АҚШ өзінің экономикалық және саяси бағытын нығайтуға пайдалануға тырысты. Олардың өкілі полковник Хауз екі блокты бір-біріне айдап салудың бар амалын жасады. Алдымен ол АҚШ (бейтараптық сақтайды деп жариялады, ал соғыс бола қалған жағдайда Англия Ресей үшін соғысқа кіріспеуі мүмкін деген болжам жасады. Мұндай тұжырымдар Герман империалистерінің үмітін арттырып, оларды соғысқа итермеледі. Осы жағдайда 23 маусымда Сараевода Австрия тағының мұрагері принц Франц Фердинанд өлтірілді. Венада қатты алаңдаушылық байқалды. Австрия үкіметі бір айға жуық үн-түнсіз жатып алды. Тек Германияның желпінтуінен ғана шілде айында Сербияға қарсы үзілді-кесілді талап қойылды. Ол қойылған он шарттың тоғызын қабылдайтынын мәлімдеді. Тек тергеу ісін жүргізу үшін австриялықтарды өз жерлеріне жіберуге қарсы болды да, барлық даулы мәселелердің төрелігін Гаагалық трибунал шешсін деп сауал тастады. Алайда Австрия-Венгрия 28 шілдеде Сербияға соғыс жариялады. Оған жауап ретінде Ресей мобилизацияға кірісті. Германия 1914 жылдың 1 тамызында Ресейге, тамызда Францияға соғыс жариялады. 5 тамызда Англия ресми түрде соғысқа кірісті. Осы жағдайда АҚШ бейтараптықты сақтады. Ал Түркия мен Болгария австро-германдық блок жағына шықты.

Бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуына Германия мен Англия арасындағы антогонизм шешуші рөл атқарды. Осы басты қайшылықпен қатар Германия мен Францияның Эльзас және Лотарингия үшін, Германия мен Ресейдің Константинополь және бұғаздар үшін, Ресей мен Түркияның Армения және Константинополь үшін, Австрия мен Ресейдің Балқан үшін, Австрия мен Италияның Албания үшін талас-тартыстары себеп болды.

Бірінші дүниежүзілік соғыс сипаты жағынан әділетсіз, жаулаушылық, империалистік соғыс болды. Мемлекеттер жаулаушылық саясат жүргізді. Соғыс ірі мемлекеттердің империалистік қатынастарынан туды. Олар отарлар мен ұсақ елдерді қайта бөлісу үшін ұрыс даласына шықты. Бұл соғыста екі қақтығыс алдыңғы шепте тұрды. Бірі Англия мен Германия, екіншісі Германия мен Ресей арасында болды. Осы үш ірі мемлекет бірінші дүниежүзілік соғысты бастаушылар болды. Ал қалғандары олардың одақтастары еді. Соғыс шеңберіне біртіндеп құрамында бір жарым миллиардтан астам халық бар 38 мемлекет кірді. Төрттік одаққа Германия, Германия отарларымен, Австрия-Венгрия, Түркия мен Болгария кірді. Ал Антантаға – Англия, Ресей, Франция, Бельгия, АҚШ, Португалия, (бәрінің де отарлары бар) Сербия, Жапония, Румыния, Грекия, Черногория және басқа елдер енді. Империалистік соғысқа байланысты армия қатарына 77 миллион адам шақырылды. Оның ішінде Германия – 13,2 миллион, Австрия-Венгрия – 9 миллион, Түркия – 1,8 миллион, Болгария – 1 миллион, Ресей – 19 миллион, Англия – 9,4 миллион, Франция – 8,1 миллион, Италия – 5,6 миллион, АҚШ – 3,9 миллион, Румыния – 1 миллион және тағы басқалар.

Екінші Балқан соғысы (30.06.1913—25.09.1913) – Грекия, Сербия, Румыния, Түркия мемлекеттері мен Болгария арасында болған соғыс. Лондон бейбіт келісіміне (30.05.1913) соғысқа қатысушы елдердің көпшілігі қанағаттанған жоқ (Бірінші Балқан соғысы). Болгарияға берілген Солтүстік Македонияға Сербия Адриат түбегінен шығу үшін көз тікті. Болгарияға қарап кеткен Оңтүстік Македония мен Батыс Фракияны Грекия басып алуды көздеді. Осы екі



мемлекет 1913 ж. 1 маусым күні Болгарияға қарсы жасырын соғыс одағын құрды. Көп ұзамай оларға Бірінші Балқан соғысында бейтарап саясат ұстағаны үшін Оңтүстік Добруджиді беруді талап еткен Румыния қосылды. Сан жағынан басымдау, әрі Ресейдің көмегімен басқаларға қарағанда жақсырақ қаруланған болгар армиясы Австрия-Венгрияның көмегіне сүйене отырып, 1913 ж. 30 маусым күні түнде күтпеген жерден Оңтүстік Македонияда тұрған грек және серб әскерлеріне қарсы соғыс қимылдарын бастады. Алайда 6 шілде күні болгарлар Брегалница өз енінің түбінде тойтарысқа ұшырап, кейін шегінуге мәжбүр болды. Болгарларға көмектесуге уәде берген Австрия-Венгрия мемлекеті Германияның қарсы болуына байланысты, ешқандай әрекет жасай алмады. 10 шілде күні соғысқа Румыния араласты. Олар болгар армиясының негізгі бөлігі оңтүстік-батыс шегарада жүргенін пайдаланып, Оңтүстік Добруджиді басып алып, ел астанасы София қаласына қарай шабуылдады. 14 шілде күні Болгария үкіметі бітім жөнінде арақатынаста ағайын болуға Ресейге өтініш білдірді. Ресейдің қысымымен румын үкіметі соғыс қимылдарын тоқтатып, 10 тамыз күні Бухарест қаласында Болгария, Румыния, Сербия, Грекия арасында бейбіт келісім жасалынды. Келісім бойынша Болгария Сербияға Солтүстік Македонияны, ал Грекияға Оңтүстік Македония мен Батыс Фракияны Эгей теңізі жағалауындағы портты қалалармен (Салоники, Кавелла) қоса беруге мәжбүр болды. Румыния Оңтүстік Добруджиге ие болды. Бұрынғы одақтастар арасындағы осы соғысты пайдаланған Түркия 21 шілде күні Болгарияға қарсы соғыс ашып, Эдирне қаласы мен төңірегіндегі аудандарды басып алды. Нәтижесінде, 29 қыркүйекте Ыстамбұл қаласында екі ел қайтадан бітімге келіп, Болгария Түркияға Эдирне қаласы мен төңірегіндегі аудандарды қайтарып берді.

Басында Болгария I-Балқан соғысында жаулап алған жерлерінің басым бөлігі мен Оңтүстік Добруджиден айрылды. Бұл соғыс I-дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы Балқандағы күштердің арасалмағын мүлдем өзгертіп жіберді. Болгария Ресей мен оның одақтастарынан шеттеп, Австрия-Венгрия және Германиямен жақындасты, ал Румыния, керісінше, Үштік одақ елдерінен алыстап, Антанта елдерімен байланысты күшейтті.

Қорытынды

1912 жылы Ресей мен неміс дипломатиясы 3–6 бөлімдегі 8 сигналдық гипотезаларды бағалауға мүмкіндік береді. Олардың барлығы құжаттамалық дәлелдермен беріледі. Бақылаушылардың қорытындылары әдетте талаптар мен жеңілдіктерден алынып отырды. Осы соғыс жылдарындағы тарихи оқиғалар дипломатиялық алмасулар халықаралық тәртіпті орнатуда үлесін қосты.